



Бухгалтерлік есептің пәні мен әдістері

Лекция 2

Бухгалтерлік есептің пәні және объектілері

- *Бухгалтерлік есептің пәні* болып жалпы түрде шаруашылық субъектісінің шаруашылық қызметі табылады.
- Кәсіпорын иелігіндегі шаруашылық құралдары, олардың құрылу көздері және шаруашылық процестері *бухгалтерлік есептің объектілері* болып табылады.



Бухгалтерлік есеп объектілері



Ұйымның ресурстарын түрлері және пайдалану
уақыты бойынша жіктеу.
(актив)

Өндіріс саласында
пайдалану

Өндірістік емес
салада пайдалану

Айналым
саласында
пайдалану

Еңбек заты

Еңбек құралы

Еңбек құралдарына (1 жылдан артық колданылатындар)

- Негізгі құралдар (ғимараттар, мекемелер, машиналар, жабдықтар және т.б ұйымның негізгі қызметінде пайдаланатындар жатады)
- Көпжылдық отырғызулар (жеміс ағаштары)
- Аяқталмаған құрлыс
- Өнім беретін мал

Еңбек заттарына (өздерінің құндарын 1 жыл ішінде өтейтіндер)

- Отынның барлық түрі (бензин, көмір, керосин, дм, ағаш, газ т.б)
- Құрлыс материалдарының барлық түрі
- Негізгі шикізат пен материалдар
- Қосалқы бөлшектердің барлық түрі
- Қосымша материалдар
- Аяқталмаған өндіріс және т.б

Өндірістік емес салада

- Ұйымның негізгі қызметіне байланыссыз заттар: медпункт және оның жабдықтары, қызметкерлер балалаларына арналған балабақша және оның жабдықтары, асхана және оның жабдықтары және т.б.

Айналым саласында

- Ақшалардың барлық түрі (кассадағы, банк шотындағы, депозиттегі, валюталық шоттағы, чек кітапшаларындағы, аккредитив кітапшаларындағы және т.б.)
- Дебиторлық берешектер (сатып алушылар берешегі, тапсырыс берушілер қарызы, т.б. ұйымға қарыздар)
- Дайын өнім мен тауарлар

Ұйымның ресурстарын құралу көздері бойынша жіктеу (пассив)



Меншікті құралу көздеріне


- Капитал (жарғылық капитал, таратылиаған капитал, резервтік капитал, т.б. өз еркімен құрған қорлары)
- Резервтер (демалыс ақысын төлеуге арналған резервтер, болашақ кезең шығындарына арналған резервтер т.б)
- Табыстар (ұйым пайдасы, өткен жылғы пайдасы, кірістері, болашақ кезең кірістері)

Несиелік (тартылған) құралу көздеріне

- Банк н/е басқа несиелер (банктің қысқа және ұзақ мерзімді несиелері, ссудалары, банктік емес мекемелер несиелері)
- Кредиторлық берешектер (жабдықтаушыларға, бюджетке, зейнетақы қорларына, еңбек ақы б/ша, т.б ұйымның міндеттемелері)

Бухгалтерлік есеп әдісі – бұл олардың көмегімен бухгалтерлік есеп пәні зерттелетін тәсілдер мен әдістердің жиынтығы.

Бухгалтерлік есеп әдісінің элементтері деп аталатын сегіз тәсілдер мен әдістері бар.



Құжаттандыру – шаруашылық әрекеттерді құжаттардың көмегімен олар жасалған сәтте және сол жерде алғашқы рет тіркеу және бейнелеу.

Құжат бухгалтерлік жазбалар үшін міндетті негіз болып табылады. Әрбір шаруашылық әрекетіне ол жасалған сәтте құжат жасалады, онда құжаттың атауы, әрекеттің мазмұны, оның жасалған күні, өлшем бірлігі, әрекетк жауапты адамдардың қойған қолдары көрсетіледі. Дұрыс толтырылған құжаттар бухгалтерлік жазулардың заң күшін қамтамасыз етеді.

Түгендеу – шаруашылық құралдардыңнақты қолда барын анықтау және алынған мәліметтерді бухгалтерлік есеп мәліметтерімен салыстыру. Бұл шаруашылық субъектісі мүлкінің сақтығына бақылау жасау тәсілі болып саналады және бухгалтерлік есеп деректерінің растығын қамтамасыз ету мақсатымен жүргізіледі.

Бухгалтерлік баланс – шаруашылық субъектісі мүлкі мен олардың құрылу көздерін ақшалай бағада белгілі бір күнге экономикалық топтастырудың әдісі. Ол әдетте айдың 1-күніне топтастырылады.

Бағалау – бухгалтерлік есеп объектілерін ақшалай және құндық түрде көрсету тәсілі. Бағалау шаруашылық құралдары және олардың құрылу көздері туралы жалпылама деректерді алу үшін бухгалтерлік есепте ақшалай көрсеткіштерді міндетті түрде пайдаланумен байланысты.

Калькуляция – шығындарды топтастыру мен сатылып алынған материалдық құндылықтардың, әзірленген өнімдер мен атқарылған жұмыстардың өзіндік құнын анықтау әдісі.

Бухгалтерлік шоттар – кәсіпорын мүлкінің және олардың құрылу көздерінің құрамында болып жататын өзгерістерді ағымда есепке алу үшін арналған. Мүліктердің әрбір түрі мен олардың құрылу көздеріне жеке шот ашылады. Мысалы,
- 1020 «Есеп айырысу шотындағы қолма-қол ақшалар»
- 1010 «Кассадағы ұлттық валютамен берілетін қолма-қол ақшалар»

Екіжақты жазу - шаруашылық әрекеттерді бір мезгілде бірдей сомада екі шотта көрсету, яғни әрбір шаруашылық әрекеті екі рет тең сомамен бір шоттың дебетінде және басқа шоттың кредитінде жазылады. Мысалы, жұмысшылар мен қызметкерлердің төлемақысын беру үшін есепшоттан кассаға 25 000 теңге ақша қаражаты алынды.

Есеп беру – кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі өндірістік-шаруашылық және қаржы қызметтерін сипаттайтын көрсеткіштердің арнайы кестелерге топтастырылған жүйесі.